

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің «АМАНАТ»
партиясы фракциясының депутаттары
Н.Ж. Ожаевқа, С.Ж. Нақпаевқа,
С.Б. Мұсабаевқа

2022 жылғы 30 қарашадағы
№ДС-341 сауалға

Құрметті депутаттар!

Атырау облысының мұнай зауыттары шығарындыларының атмосфералық ауаға әсеріне қатысты сіздің сұрауыңызды қарастырып, мынаны хабарлаймын.

Лимиттерді төмендету арқылы компаниялардың шығарындыларын азайту

Экология министрінің бұйрығымен 2022-2025 жылдарға арналған көміртегі квоталарының Ұлттық жоспары бекітілді, онда мұнай-газ қызметі саласында квоталар көлемі 23 039 146 тоннадан 22 017 003 тоннаға дейін көміртегі қос тотығы төмендетілді. (2022 жылғы 11 шілдедегі № 525 бұйрық).

Бұдан басқа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексте (бұдан әрі – ӘҚБтК) экологиялық бұзушылықтар үшін шаралар күшейтілді. Мысалы, табиғат пайдаланушылардың нормативтен тыс және өз бетінше эмиссиялар үшін жауапкершілігі 10 есе, сондай-ақ рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұруға дейін жүйелік және қайталама бұзушылықтар үшін 20 есе күшейтілді.

Өз кезегінде, негізгі шығарындылар Павлодар (730,2 мың тонна), Қарағанды (585 мың тонна), Ақтөбе (174,2 мың тонна), Атырау (155 мың тонна) және Шығыс Қазақстан (130,6 мың тонна) облыстарының аумақтарында қалыптасқанын атап өтеміз. Аталған өңірлерде негізгі өнеркәсіптік кәсіпорындар орналасқан.

«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы шеңберінде 11 ірі қаладағы 16 өнеркәсіптік кәсіпорынның (оның ішінде 10 ластанған) ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Анықтама: Теміртау, Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Өскемен, Шымкент қалалары.

Бұдан басқа, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі – АМӨЗ) шығарындыларды 2025 жылға дейін 15,652 мың тоннаға (2023 жылдың рұқсат

етілген лимиті – 18,410 мың тонна) төмендету бойынша міндеттеме қабылдады. 2022 жылы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (бұдан әрі – НКОК) филиалы Алаудағы газды және атмосфераға шығарындылардың рұқсат етілген көлемін жыл сайын 5% - ға қысқартуды көздейтін жоспар ұсынды.

Жоспардан тыс экологиялық тексерулерді мемлекеттік тіркеуден шығару

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүргізу тәртібі Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) және Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – КК) нормаларында белгіленген.

Кодекс шеңберінде халықтың өмір сүру жағдайларын тікелей қозғайтын, оның ішінде жаппай демалу орындарында қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтар немесе бұзушылықтар жасау тәуекелдері туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, жобалық талдаудан кейінгі нәтижелер бойынша қорытындыларды, сондай-ақ ластағыш заттардың эмиссиялар нормативтерінің елеулі асып кетуі туралы қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесінен алынған деректерді талдау тексеру жүргізудің негізі болып табылады.

Өз кезегінде, КК-те келесі күні прокуратура органдарында актіні тіркеу мүмкіндігімен бұзушылықтың жолын кесу үшін белгіленген уақыттан тыс немесе мереке күндері тексеру жүргізу көзделген.

Осылайша, қолданыстағы заңнама экологиялық заңнаманы бұзған жағдайда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Нормативтік үлесі әрбір алау үшін ауаның ластануының 60 пайызын құрайтын мемлекеттік органдардың цифрлық қосымшаларына байланған сенсорлық және тәуелсіз мониторинг орталықтарын орнату

Кодексте 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мониторингтің автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – МАЖ) енгізу көзделген, ол ірі ластағыштардың эмиссия көлемін онлайн режимде бақылауға мүмкіндік береді және мемлекеттік экологиялық бақылаудың сапасын арттырады.

МАЖ енгізудің негізгі мақсаты мемлекеттік экологиялық бақылаудың сапасын арттыру үшін ірі кәсіпорындардың қоршаған ортаға эмиссиялары туралы сенімді деректер алу, сондай-ақ Орхус конвенциясында көзделген ақпаратқа, шешімдер қабылдау процесіне және сот төрелігіне жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар қоршаған ортаға эмиссияны жүргізу қағидаларының бекітілген критерийлері бойынша (*Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 22 маусымдағы № 208 бұйрығымен бекітілген*) (бұдан әрі - Қағидалар) 1 санаттағы 1187 оператордың ішінен алдын ала деректер бойынша МАЖ орнату жөніндегі талап 94 кәсіпорынға (*төгу бойынша - 19 кәсіпорын*), 304 шығарындылар көзі.

«Теңіз» кешенінде шаң-газ тазалау жабдықтарын орнату, компаниялардың меншікті қаражаты есебінен тәуелсіз техникалық аудит жүргізу, жабдықтарды жаңғырту

«Теңізшевройл» ЖШС (*бұдан әрі – ТШО*) кен орындарында көмірсутек шикізатын жинау және дайындау жүйесінің қолданыстағы технологиялық процесі негізгі критерийі экологиялық қауіпсіздік болып табылатын ұқсас объектілерді пайдаланудың озық тәжірибесін ескере отырып жобаланған.

Өндірістік объектілердің аумағында және ТШО санитарлық-қорғау аймақтарының шекарасында ауадағы ластаушы заттардың құрамын анықтау үшін заманауи газаналитикалық жүйелермен жарақтандырылған автоматтандырылған бақылау станциялары орнатылған. Станциялардан алынған деректер онлайн режимде «Қазгидромет» РМК-ға беріледі.

Өз кезегінде, «Қазгидромет» РМК атмосфералық ауаның жоғары және экстремалды жоғары ластану фактілері анықталған жағдайда, Экология, геология және табиғи ресурстар, Төтенше жағдайлар, Денсаулық сақтау министрліктерін, жергілікті атқарушы органдарды және Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығын хабардар етеді.

Кен орындарындағы персоналдың денсаулығына әсерін зерттеу

НКОК, ТШО 6506 жұмыскеріне жүргізілген медициналық тексерулердің нәтижелері бойынша АМӨЗ, 2021 жылы амбулаториялық тексеруге және емдеуге мұқтаж 540 жұмыскер (8,3%), стационарлық тексеруге және емдеуге мұқтаж 44 жұмыскер (0,7%) және диспансерлік бақылауға мұқтаж 772 жұмыскер (11,0%) анықталды. Жұмыскерлер арасында кәсіптік аурулар анықталған жоқ.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың 9 айында жұмыс аймағының 681 ауа сынамасы зерттелді (*АМӨЗ - 510, НКОК - 99, «Теңізшевройл» ЖШС - 72*). Зерттеу нәтижелері бойынша асып кету анықталған жоқ.

Анықтама: 2022 жылдың өткен кезеңінде аталған кәсіпорындардың ерекше тәртіп бойынша тексерулерінің нәтижелері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзғаны үшін 7 млн теңгеден астам сомаға айыппұл салынды.

Құзыретті қазақстандық кадрларды мемлекеттің қатысу үлесі бар мұнай компанияларындағы басшы лауазымдарына тағайындауға қатысты

Басшы лауазымға тағайындау кезінде ірі шетелдік компаниялар қызметкердің біліктілігі мен тәжірибесі бойынша критерийлерге сәйкес ішкі ережелерді басшылыққа алады.

Сонымен қатар ТШО, ҚПО және НКОК-тың үш ірі жобасында бірінші басшылардың орынбасарлары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Энергетика министрлігінің ұсынысы мен келісімі бойынша тағайындалады.

А. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
членам фракции партии «АМАНАТ»
Ожаеву Н.Ж., Накпаеву С.Ж.,
Мусабаеву С.Б.

На № ДС-341 от 30 ноября 2022 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно влияния выбросов нефтезаводов Атырауской области на атмосферный воздух, сообщая следующее.

Снижение выбросов компаний путем снижения лимитов

Приказом Министра экологии утвержден Национальный план углеродных квот на 2022-2025 годы, где в сфере нефтегазовой деятельности объем квот снижен с 23 039 146 до 22 017 003 тонн двуокиси углерода (приказ от 11 июля 2022 года № 525).

При этом в Кодексе «Об административных правонарушениях» (далее – КоАП) ужесточены меры за экологические нарушения. К примеру, в 10 раз усилена ответственность природопользователей за сверхнормативные и самовольные эмиссии, а также в 20 раз за системные и повторные нарушения вплоть до приостановки действия разрешения.

В свою очередь отмечаем, что основные выбросы сформированы на территориях Павлодарской (730,2 тыс. тонн), Карагандинской (585 тыс. тонн), Актюбинской (174,2 тыс. тонн), Атырауской (155 тыс. тонн) и Восточно-Казахстанской (130,6 тыс. тонн) областей. В указанных регионах расположены основные промышленные предприятия.

В рамках национального проекта «Жасыл Қазақстан» будут приняты меры по снижению выбросов загрязняющих веществ 16 промышленных предприятий в 11 крупных городах (в том числе 10 загрязненных).

Справочно: города Темиртау, Астана, Алматы, Актөбе, Атырау, Балхаш, Жезказган, Караганда, Усть-Каменогорск, Шымкент.

Кроме того, ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» (далее - АНПЗ) принято обязательство по снижению выбросов до 2025 года на 15,652 тыс. тонн (допустимый лимит 2023 года – 18,410 тыс тонн). В 2022 году филиал «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (далее - НКОК) представил план,

предусматривающий ежегодное сокращение газа на факеле и допустимого объема выбросов в атмосферу на 5%.

Снятие с государственной регистрации внеплановых экологических проверок

Порядок проведения государственного экологического контроля установлен нормами Экологического (далее – Кодекс) и Предпринимательского кодексов (далее – ПК).

В рамках Кодекса основанием проведения проверки является анализ публикаций в средствах массовой информации о нарушениях или рисках совершения нарушений в области охраны окружающей среды, непосредственно затрагивающих условия жизнедеятельности населения, в том числе в местах массового отдыха, заключений по результатам после проектного анализа, а также данных из автоматизированной системы мониторинга эмиссий в окружающую среду о существенных превышениях нормативов эмиссий загрязняющих веществ.

В свою очередь ПК предусмотрено проведение проверки во внеурочное время или праздничные дни для пресечения нарушения в момент их совершения с возможностью регистрации акта в органах прокуратуры на следующий день.

Таким образом, действующее законодательство позволяет оперативно реагировать в случаях нарушений экологического законодательства.

Установка сенсорных и независимых центров мониторинга, привязанных к цифровым приложениям государственных органов, нормативная доля которого составляет 60 процентов от загрязнения воздуха на каждый факел

Кодексом предусмотрено внедрение автоматизированной системы мониторинга (далее – АСМ) с 1 января 2023 года, которая позволит отслеживать объемы эмиссии крупных загрязнителей в онлайн режиме и повысить качество государственного экологического контроля.

Основными целями внедрения АСМ являются получение достоверных данных об эмиссиях в окружающую среду крупными предприятиями для повышения качества государственного экологического контроля, а также обеспечение доступа общественности к информации, процессу принятия решений и правосудия, предусмотренного Орхусской конвенцией.

Вместе с тем по утвержденным критериям Правил ведения АСМ эмиссии в окружающую среду (утверждены приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 22 июня 2021 года № 208) (далее – Правила) из **1187** операторов 1 категории по предварительным данным требование по установке АСМ коснется **94** предприятий (по сбросу - 19 предприятий), **304** источников выбросов.

Установка пылегазоочистительного оборудования на комплексе «Тенгиз», проведение независимого технического аудита за счет собственных средств компаний, модернизации оборудования

Действующий технологический процесс системы сбора и подготовки угледородного сырья на месторождениях ТОО «Тенгизшевройл» (далее -ТШО)

спроектирован с учетом передового опыта эксплуатации аналогичных объектов, где ключевым критерием является экологическая безопасность.

На территории производственных объектов и границе санитарно-защитных зон ТШО установлены автоматизированные станции наблюдения, оснащенные современными газоаналитическими системами для определения содержания в воздухе загрязняющих веществ. Данные со станций в онлайн режиме передаются в РГП «Казгидромет».

В свою очередь РГП «Казгидромет» в случае установления фактов высокого и экстремально высокого загрязнения атмосферного воздуха информирует министерства экологии, геологии и природных ресурсов, по чрезвычайным ситуациям, здравоохранения, местные исполнительные органы и ситуационный центр совета безопасности Республики Казахстан.

Исследование влияния на здоровье персонала на месторождениях

По результатам проведенных медицинских осмотров 6506 работников АНПЗ, НКОК, ТОО «Тенгизшевройл» в 2021 году выявлено 540 работников (8,3%), нуждающихся в амбулаторном обследовании и лечении, 44 работника (0,7%), нуждающихся в стационарном обследовании и лечении, и 772 работника (11,0%), нуждающихся в диспансерном наблюдении. Среди работников профессиональные заболевания не выявлены.

Также за 9 месяцев т.г. исследована 681 проба воздуха рабочей зоны (АНПЗ - 510, НКОК - 99, ТОО «Тенгизшевройл» - 72). По результатам исследований превышений не установлено.

Справочно: за истекший период 2022 года, по результатам проверок по особому порядку указанных предприятий за нарушения требований нормативных правовых актов в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения наложено штрафов на сумму более 7 млн тенге.

Касательно назначения на руководящие должности в нефтяных компаниях с долей участия государства компетентных казахстанских кадров

Крупные иностранные компании при назначении на руководящую должность руководствуются внутренними правилами согласно критериям по квалификации и опыту работника.

Вместе с тем в трех крупных проектах ТШО, КПО и НКОК заместители первых руководителей назначаются по представлению и согласованию с АО НК «КазМунайГаз» и Министерством энергетики.

А. Смаилов